

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 1-сі

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма төрағасы – Ректор

Ш. Шокпаров **А. Шокпаров**

« 02 » 09 2024 ж.



УЕ-02-03-02

**ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫҢ
АВТОРЛАРЫН МАРАПАТТАУ ЕРЕЖЕСІ**

Түркістан, 2024

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Ғылыми зерттеу орталығының басшысы



Т. Абдрасилов
«02» 09 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева
«02» 09 2024 ж.

Аппарат басшысы




Т. Искаков
«02» 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер)



Е. Тасов
«02» 09 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы м.а.



Ж. Сейткулова
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	5
5	Жалпы ережелер	5
6	Халықаралық және отандық баспа жарияланымдарының рәсімделуіне университет тарапынан қойылатын талаптар	5
7	Марапаттауға ұсыным тәртібі мен өтінімдерді қарастыру реті	6
9	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
10	Келісу, сақтау және тарату	7
11	Өзгерістерді тіркеу парағы	8
12	Танысу парағы	9
13	Қосымша 1	
	Өтінім формасы (Үлгі)	10

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (бұдан әрі – Университет) Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Университеттің ғылыми әлеуетін көтеру, ғылыми қызметкерлерінің және профессор-оқытушылық құрамының зерттеу жұмыстарының нәтижелерін республикалық және халықаралық деңгейде таныту, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын», «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру, сонымен қатар, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Даму бағдарламасына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру үшін әзірленген.

1.2 Ереженің мақсаты – Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылым бағыттары мен туризм саласындағы ғылым мен өндірістің тығыз байланысты дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер мен профессор-оқытушылық құрамының әлемдік жоғарғы рейтингілі журналдарда және отандық басылымдарда жарияланым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

1.3 Ереженің міндеті – ғылыми қызметкерлер және профессор-оқытушылардың жариялаған ғылыми еңбектері үшін сыйақы беруді, осы арқылы авторларды ынталандыруды, әлемдік жоғарғы рейтингілі журналдарда және отандық басылымдардағы ғылыми еңбектердің саны мен сапасын арттыруды, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін республикалық және халықаралық ғылым кеңістігіне интеграциялауды көздейді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.2 «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

2.3 «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.4 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.5 Университеттің Академиялық саясаты.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Халықаралық ғылыми базалар – бұл әлемнің түкпір-түкпірінен шыққан ғалымдардың ғылыми мақалалары, зерттеулері, журналдары және конференция материалдары жинақталған ақпараттық деректер қорлары.

Scopus (Elsevier) – әлемдегі ең ірі реферативтік деректер базасы.

Web of Science (Clarivate) – жоғары импакт-факторлы журналдарды қамтиды.

Оқулық – оқу пәнін, оның бөлімін, оқу бағдарламасына сәйкес келетін және оқу әдебиетінің осы түрі ретінде ресми бекітілген бөлігін жүйелі түрде баяндайтын оқу басылымы.

Оқу құралы – оқу бағдарламаларына сәйкес келетін мәселелерді практикалық қолдана отырып, оқу әдебиеттерінің түрі ретінде ресми түрде бекітілген оқулықты ішінара толығымен толықтыратын немесе алмастыратын, баяндалған материалы нақты оқу басылымы.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 5-сі

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2 Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттау ережесі Университеттің нормативтік ережелері мен актілеріне сәйкес профессор-оқытушы құрамының жариялаған ғылыми еңбектері үшін сыйақы беруді дұрыс жүргізу үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

4.3 Осы Ереже негізінде Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттауға Ғылыми зерттеу орталығы жауапты.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 «Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарын дайындау және басып шығару жүзеге асырылады.

5.2 Мектеп директоры профессор-оқытушы құрамымен бірлесіп мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқу процесінің қажетті оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізеді.

5.3 Жүргізілген талдауға сәйкес мектеп директорлары Индикативті жоспарға ғылыми жарияланымдар, оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдардың сандық көрсеткішін енгізеді және бекітеді.

5.4 Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттау есептілік Университетте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БАСПА ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫҢ РӘСІМДЕЛУІНЕ УНИВЕРСИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Халықаралық ғылыми базаларда (Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus) индекстелетін ғылыми журналдарында жариялаған 50 (елу) процентильтен төмен емес әрбір мақала (Article) авторына (осы көрсетілген сыйақы мөлшері бірнеше автор болған жағдайда барлық авторларларға теңдей етіп бөлінеді де, университет ғылыми қызметкерлеріне, профессор-оқытушылық құрамына өз үлесі төленеді) төменде көрсетілген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Жаратылыстану бағытындағы халықаралық рецензияланатын базаларда жарияланған мақалалар (Article) үшін:

Индекс атауы	Сыйақы (теңгемен)	
	180 000	120 000
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 квартиль (Q1)	2 квартиль (Q2)
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%

Әлеуметтік және Гуманитарлық ғылымдар бағыттары бойынша халықаралық рецензияланатын базаларда жарияланған мақалалар (Article) үшін:

Индекс атауы	Сыйақы (теңгемен)	
	240 000	180 000

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 6-сі

Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 кuartиль (Q1)	2 кuartиль (Q2)
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%

6.2 Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен шығарылған еңбектер авторына (бірнеше автор болған жағдайда сыйақы барлық авторларларға теңдей етіп бөлінеді, сонымен қатар, басқа ұйымның авторларымен бірлесіп шығарғанда университет ғылыми қызметкерлері мен профессор-оқытушылық құрамы бірінші автор болған жағдайда өз үлесі төленеді) төменде көрсетілген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Атауы	Сыйақы (теңгемен)
Оқу құралы (РОӘК шешімімен)	100 000
Оқулық (РОӘК шешімімен)	100 000

6.3 Ғылыми жарияланымдар мен Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған басылымдардың талаптарға сай жарияланғаны туралы ақпарат Ғылыми зерттеу орталығы мамандарымен бірге анықталады және марапаттау үшін келесідей талаптар қойылады:

6.3.1 Марапаттау сыйақысын алу үшін ұсынылған ғылыми мақала немесе оқу-әдістемелік басылым ағымдағы жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында жарияланған болуы қажет;

6.3.2 Мақала мен оқу-әдістемелік басылымдар авторы еңбектерін жариялаған уақытта Университетте қызметте болған жағдайда;

6.3.3 Мақала мен оқу-әдістемелік басылымдарда Университеттің толық атауы (қазақша, орысша, ағылшынша) жазылған жағдайда:

- қазақша: «Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан»;
- орысша: «Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан»;
- ағылшынша: «International University Of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan».

Аталған шарттардың барлығы орындалған жағдайда марапаттау сыйақысы рәсімделеді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар «Мақала» (Article) түрінде болады және көрсетілген базалардағы журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келеді. Бұл ретте Journal Citation Reports деректері бойынша кuartиль немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші тиісті деректер базасында көрсетілген жариялау жылы ескеріледі. Егер Scopus және/немесе Web of Science базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдың индексациясы құқық бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған жағдайда, осы журналдағы үміткердің барлық мақаласы ескерілмейді және марапаттаудан бас тартылады.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу (оқу-әдістемелік) құралы және оқулығы (көлемі 1 авторға 6 баспа табақтан кем емес).

7. МАРАПАТТАУҒА ҰСЫНЫМ ТӘРТІБІ МЕН ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАСТЫРУ РЕТІ

7.1 Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың нәтижесінде марапаттауға ие болу үшін өтінім беруші кез-келген автор (Университет ғылыми қызметкерлері, профессор-оқытушылық құрамы) бола алады.

7.2 Мақала мен оқу-әдістемелік басылымдар авторларының Университет Басқарма төрағасы – Ректорына (бұдан әрі – Ректор) жазбаша өтініші негізінде марапаттау іс-шаралары жүргізіледі. Өтінім үлгісі қосымшада берілген (Қосымша А) және мақала көшірмесі немесе оқу-әдістемелік басылым қоса тіркелуі қажет.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 7-сі

7.3 Осы рәсімдеу тәртібіне жауапты Ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері аталмыш Ереженің 6.1 және 6.2 бабына сәйкес талаптардың орындалуын қадағалап, сараптап, Университет Ректорына қызметтік хат негізінде өтінімді ұсынады. Өтінімде келесі құжаттар болуы қажет:

7.3.1 Өтінім (автордан);

7.3.2 Мақала көшірмесі (1 дана), оқу-әдістемелік басылым (1 дана);

7.3.3 Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор тарапынан марапаттауға ұсыну туралы қызметтік хат.

7.4 Марапаттауға ұсынылатын өтінім құжаттары университет Ректорына жылына 1 рет, яғни әр жылдың қаңтар айына дейін ұсынылады.

7.5 Марапатталушылар осы Ереженің талаптарын орындамаған жағдайда Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор тарапынан авторларға ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

7.6 Мақала мен оқу-әдістемелік басылым мазмұны сараптауға алынбайды, яғни, марапаттауға ұсынуға кедергі бола алмайды.

7.7 Мақала және оқу-әдістемелік басылымдар авторларын марапаттауға рұқсат берілген жағдайда, сыйақы «Ғылыми қызметкерлер күніне» орай тиісті бұйрыққа сәйкес төленеді.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

8.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.2 Ережені әзірлеу және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу орталығына жүктеледі.

9.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

9.4 Ереженің көшірмесі қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 9-сі

11. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2024 ж.	Басылым №2	10 беттің 10-сі

Қосымша 1

Өтінім формасы (Үлгі)

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы –
Ректор А. Шокпаровқа**

**Өтініш иесінің аты-жөні, тегі, мектептегі
немесе бөлімдегі қызметі**

Өтініш

Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесіне сәйкес *ғылыми жарияланым немесе оқу-әдістемелік басылым* (авторлары, атауы көрсетілу керек) авторына берілетін ынталандыру сыйақысын төлеуіңізді сұраймын.

Ереженің барлық талаптары орындалғандығына кепілдік беремін.

Қосымшада қажетті құжаттар тіркелген.

**Өтініш иесінің
аты-жөні, тегі**

қолы

күні